

ЖОО-НЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚҰРУДЫҢ ЖАЛПЫ ПРИНЦИПТЕРІ

Сейтимбетова А.Б., Алибиев Д.Б., Кажикенова А.Ш., Кауымбек И.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университет, Қарағанды, Қазақстан

E-mail: s_b_aigerim@mail.ru

Мақалада ақпараттық-коммуникациялық қоғамның ағымындағы білім беру үрдісінде өтетін екінші веб технологиясының ролі қарастырылады. Білім беру 2.0-дің пайда болуы мен оның ХХІ ғасырдағы білім берудің заманауи концепциясындағы орны жөнінде сипатталады.

Білім беру үрдісінде студенттер мен оқытушылардың сәйкес біліктілікке қол жету кітап түрінде баспаға жиі шыға бермейтін және тек қана электронды түрде болатын ең маңызды білім ағымымен тиімді жұмысты талап етеді. Инновациялық ЖОО келешегі оқыту контентінің үнемі жасалатын технологиялар мен білімнен артта қалуын еңсерусіз мүмкін емес. Білім беру үрдісінде қолданылатын білімді жасауды синхрондаудың технологиялық ортасы – заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен оқыту болып табылады. Бұл оқу материалдарының жаңа типі мен оқытуға жаңа тәсілдемені, интеллектуалды білім беру ресурстарын жасауды талап етеді. Ол ресурстар ең үздік дүние жүзілік ақпараттық ресурстар негізінде үнемі жаңарып, өз ісінің шеберлерінің эксперттік бірлестігі растап, оқытушылардың индивидуалды тұлғалық ерекшеліктеріне бейімделеді.

Интернет технологиялар ЖОО-ның интеллектуалды білім беру ортасын құрудың адекватты құралына айналуға. Бүкіл дүние жүзілік желінің дамуының қазіргі кезеңінде Web 2.0 сервистері білім беру үшін аса үлкен мүмкіндіктерді ұсынады (Web 3.0, немесе Semantic Web, OntoWeb және KnowledgeWeb тәрізді жеке жобалар мен ғылыми-зерттеме кезеңінде, ал Web 4.0 – концептуалды ұғыну кезеңінде).

Білім беру үрдісінде заманауи технологиялық тәсілдемелерді жобалау барысында аталған технологияларды ЖОО-ның білім беру ортасына LMS пен Web 2.0 құралдарын қосып, біріктірген жөн. Себебі оқудың бір бөлігіне оқытушы білім беру стандарттарына сәйкес регламент қояды, сонымен қоса оқытушыға білім беру траекторияларын құру және білім беру үрдісін басқару құралы қажет. Біздің тәжірибе негізінде қызметтестердің тәжірибе негізінде біз Moodle виртуалды білім беру ортасын таңдадық.

Студент мотивацияны белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге, мәселенің шешімін табуға апаратын әрекетпен оның сенімі қалай жеңіске жететіні ретіне түсінеді. Нәтижеге жету жолындағы табыстар мен сәтсіздіктер үшін студент жауап береді. сыртқы және ішкі мотивацияны ажыратады.

Нақты бір мақсаты бар жүріс-тұрысты ынталандыруға бағытталған үрдіс ішкі мотивация болып саналады. Ішкі мотивацияны қалыптастырудың қажеті жоқ, оны тек ынталандырып, қолауға болады.

Мақсатқа жетудегі сыртқы мотивация жағдайлық-спецификалық болады және уақыт өзгеріске ұшырайды. Сыртқы мотивацияның табиғаты тұлға аралық қарым қатынас саласында жатыр және ол әрекет мотивтерінің біршама өзгеруіне әкелетін фактор болуы мүмкін.

Танымдық әрекеттің мотивациясын таңдау барысында эмоциялық күйзелістер тән, олар аса маңызды мәселелерін шешіміне бағытталған жоспарлы талпыныстан рахат алу түрінде, немесе керісінше қауіптену сәтсіздіктен қорқу, үрей, үмітті жоғалту түрінде көрініс береді.

Танымдық әрекеттің мотивациясын таңдау барысында шамалы оптимизм, аса жоғары талаптардың күйреуі салдарының мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Танымдық әрекеттің мотивациясы зеріттелетін материалға студент тұлғасының қызығушылықтарын бағдарлану дәрежесін көрсетеді.

Индивидуалды тұлғалық ерекшеліктер студент профилінде жазылады. Сол мәліметтердің негізінде индивидуалды тұлғалық ерекшеліктер картасы жасалады, оны оқытушы студенттің дербес білім беру траекториясын қалыптастырғанда пайдаланады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Әдебиеттер тізімі

1. Андреев А.А., Фокина В.Н. Методические аспекты применения сервисов Интернета Web 2.0 в учебном процессе. “Педагогические и информационные технологии в образовании”, научно-методический журнал, №7, 2008 http://ode.susu.ru/e-journal/numero7/Andreev_Fokina_1.html

2. Дубова Н. Web 2.0: перелом в парадигме обучения. «Открытые системы», № 09, 2008 <http://www.osp.ru/os/2008/09/5717450>